

Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден отандастардың көшіп келу квотасы және қоныс аударуын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы. 1993 жылғы 15 сәуір N 1184

Иран Ислам Республикасында және басқа мемлекеттерде тұратын, тарихи отаны - Қазақстан Республикасына қайтып келуге тілек білдірген қазақ отбасыларын / босқындарды/ ұйымдасқан түрде көшіру мақсатында қаулы етемін:

1. 1993 жылы 10 мың отбасының көшіп келу квотасы бекітілсін.

2. Тарихи отанына қайтып келуге тілек білдірген отандастардың қоныс аударуына байланысты мәселелерді шұғыл қарау үшін қосымшаға сәйкес республикалық комиссия құрылсын.

Республикалық комиссия жұмысты үйлестіруді және осы қаулының орындалу барысын бақылауды қамтамасыз ететін болсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Иран Ислам Республикасынан және басқа мемлекеттерден тарихи отанына қайтып келуге тілек білдірген отандастардың көшіп келуін ұйымдастыру жөнінде қаулы қабылдасын;

тарихи отаны - Қазақстан Республикасына қайтып келуге тілек білдірген отандастардың құқықтары мен бостандығын қорғауға байланысты Қазақстан Республикасы мен тиісті мемлекеттердің министрліктері, ведомстволары арасында шарттар жасасу шараларын жүзеге асырсын;

отандастардың тұрғын үй салуына және отбасыларын жайғастыруға қаржы ресурсын бөлуді қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісімен бірлесіп, көшіп келетін отандастарға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жеке тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй кооперациясын дамыту үшін экономикалық жағдай жасасын;

Республикаға 1992 жылы қоныстанған отбасылар өмірінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларына талдау жасасын. Оны жақсарту жөнінде нақты шаралар қолдансын.

4. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері:

отандастар отбасыларын қабылдауды, жайғастыруды қамтамасыз ететін болсын, оларға қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау жөнінде шаралар қолдансын;

бір ай мерзім ішінде отбасыларды орналастыратын аудандар, шаруашылықтар және басқа елді мекендерді белгілейтін болсын;

әрбір облыста қоныс аударушыларға тұрғын үй салу, өндірістік және шаруашылық қызмет үшін бөлінетін жер учаскелері анықталсын.

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

1993 жылғы

15

сәуірдегі

N 1184

қаулысына

қосымша

Өзінің тарихи отанына қайтып келуге тілек
білдірген отандастардың қоныс аударуына
байланысты мәселелерді шұғыл қарау жөніндегі
республикалық комиссияның
ҚҰРАМЫ

1. Жабәгин А.Ә.

- Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары,
комиссия төрағасы

2. Бейсенов С.Д.

- Қазақстан Республикасының
Еңбек министрі, комиссия

төрағасының орынбасары

3. Рақымжанов Н.Т.

- Халықтың көшіп келуі жөніндегі
департамент төрағасының

орынбасары, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

4. Әбітаев Е.А.

- Қазақстан Республикасы
Экономика министрінің орынбасары

5. Әлиакбаров Е.Қ.

- Қазақстан Республикасы
Тұтынушылар қоғамдары одағы
төрағасының орынбасары

6. Ауанов М.А.

- Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің орынбасары

7. Исағалиев К.И.

- Қазақстан Республикасы Сыртқы
істер министрлігінің Баспасөз,
мәдени ынтымақтастық және ЮНЕСКО
істері жөніндегі басқармасы
бастығының орынбасары

8. Дудкин А.А.

- Қазақстан Республикасы Ұлттық
банкiсi төрағасының орынбасары

9. Есмұқанов Ғ.Е.

- Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің

- орынбасары
10. Мәшкенов А.К. - Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
- орынбасары
11. Панов Ю.В. - Қазақстан Республикасы Көлік
министрінің орынбасары
12. Сәрсеков Б.С. - Қазақстан Республикасы Ішкі
істер министрінің орынбасары
13. Сизов А.П. - Қазақстан Республикасының
Жер қатынастары және жерге
орналастыру жөніндегі
мемлекеттік комитеті
төрағасының орынбасары
14. Тілемісов Қ.Х. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары, Кеден
бас басқармасының бастығы
15. Үсенов А.С. - Қазақстан Республикасы
Сауда министрінің орынбасары